

## Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ұйымдық құрылымы мен саны туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 360 Жарлығы «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы» 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының саны;
- 2) Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ұйымдық құрылымы бекітілсін.

2. Республикалық ұлан қолбасшылығы осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2012

жылғы

30

шілдедегі

№ 360

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының САНЫ

Республикалық ұланның саны	оның ішінде:
- 1838,	қолбасшылық және орталық аппарат
- 53,	
- 1739	бригадалар
(олардың 580 лауазымы мерзімді қызметтің әскери қызметшілері),	
- 46.	госпиталь

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2012

жылғы

30

шілдедегі

№ 360

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

# Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ұйымдық құрылымын мыналар  
қ ұ р а й д ы :

1) басқару органдары :  
қ о л б а с ш ы л ы қ ,  
о р т а л ы қ а п п а р а т ;

2) құрамалар мен бөлімдер:

бөлімшелер мен қамтамасыз ету органдарын қоса алғанда, екі бригада,  
госпиталь.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 0

ш і л д е д е г і

№ 3 6 0

Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

## Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының

### ТІЗБЕСІ

1. «Республикалық ұланның ұйымдық құрылымын және әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы штат санын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығы.

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 маусымдағы № 634 Жарлығы.

3. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 1013 Жарлығы.

4. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 1028 Жарлығы.

5. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың штат санын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1072 Жарлығының 4-тармағының 2) тармақшасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК